

8D014 «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған педагогтарды даярлау» бағыты, 6D012000-«Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Парманкулова Перизат Жаксылыковнаның «Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>Докторант П.Ж. Парманкулова іргелі ғылыми еңбектерді талдау барысында дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау мәселесінің бұрын соңды өз алдына дербес зерттеу объектісі болмағандығын, болашақ инклюзивті оқыту педагогтарын даярлау қажеттілігін және жоғары кәсіби педагогикалық білім беру барысында одан әрі дамыту қажеттігін жан-жақты ашып көрсете алған. Білім беру жүйесін әлемдік инклюзивті білім беру процесіне қосу, болашақ педагогтардың білім беру кеңістігінде бәсекеге қабілеттілігін арттыру инклюзивті оқытуды өзекті етеді.</p> <p>ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдауларында жоғары білім беру саласында болашақ мамандарды даярлау мәселесіне баса назар аударып, субъективті идеяларымыздың жүзеге асуына толықтай мүмкіндік береді. «Халық бірлігі және жүйелі реформалар - ел өркендеуінің берік негізі» Жолдауында мамандарды даярлауда жоғары оқу орындары сапаны қамтамасыз етуге міндетті, өйткені бұл болашақ маманның бәсекеге қабілетті болуына жол ашады делінген.</p> <p>«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасында еңбек нарығына қажетті маман «кәсіби құзыретті, азаматтық ұстанымы айқын, ойлау қабілеті жоғары тұлға» болуы тиіс екендігі айтылған.</p> <p>Зерттеу жұмысында «Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері» мен «Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидалары» басшылыққа алынған. Сондықтан диссертант өз жұмысында жоғары кәсіби білім беру жүйесінде бәсекеге қабілетті, ұтқыр педагогтарды</p>

			<p>даярлау арқылы мемлекет пен қоғамды нығайтуға болатындығын көздеген.</p> <p>Осы мемлекеттік стратегиялық құжаттарда көрсетіліп отырған міндеттер дуальды білім беру жүйесінде болашақ инклюзивті оқыту педагогтарын даярлаудың өзектілігін айқындай түседі.</p> <p>Ғылымның даму бағыттарына, мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес беріліп отырған міндеттер мен бағыттар «Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбындағы зерттеу жұмысының өзектілігін одан әрі тереңдете түсетіні анық. П.Ж.Парманкулованың диссертациялық зерттеуі педагогикалық ғылымды дамытудың басым бағыттарына және білім беру саласындағы мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді.</p>
		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес үйлестірілген. Зерттеу жұмысы мемлекет бюджетінен қаржыландырылған 217 «Ғылымды дамыту» бюджеттік бағдарламасының 102 «Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру» бағытында орындалған 3149/ГФ4 «Техникалық және кәсіби білім беру жүйесінде болашақ мамандарды дуальды оқытуға даярлау процесін жетілдірудің ғылыми-педагогикалық негіздері» жобасы шеңберінде орындалды. Зерттеу жұмысын жүргізу уақыты 2015-2017 жж. аралығын қамтиды. Сонымен қатар М.Әуезов атындағы ОҚУ-нің іргелі, қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі бағыттары көрсетілген «М.Әуезов атындағы ОҚУ-нің 2016-2020 жылдарға арналған ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарына» сәйкес «Кәсіптік оқыту» кафедрасының базасында жүргізілген мемлекеттік бюджеттік Б-16-10-15 «Болашақ мамандарды дуальды оқыту негізінде кәсіби даярлау» тақырыбында орындалған.</p>
2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал	Диссертацияның зерттеу міндеттерін іске асыру мен мақсатқа қол жеткізу барысында ғылыми-практикалық

		<p>оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған</p>	<p>жетістіктері педагогика ғылымының, оның ішінде жоғары кәсіптік білім беру педагогикасы мен әдістемесінің дамуына елеулі үлес қосып, білім беру жүйесіндегі өзектілігі мен маңыздылығын нақтылай түскен.</p> <p><i>Біріншіден,</i> дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың теориялық және әдіснамалық негіздерін (жүйелілік, әрекеттілік, аксиологиялық, тұлғаға бағдарлылық, синергетикалық, құзыреттілік) тұғырлары мен (ізгіліктік, әлеуметтік бейімделу, синергетикалық, жеке тұлғалық, теорияның практикамен байланысы) қағидалары тұрғысынан қарастыру мәселесі ғылымға елеулі үлесін қосады және оның маңыздылығы ашылған;</p> <p><i>Екіншіден,</i> дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың құрылымдық моделі ЖОО-ның нақты педагогикалық үдерісінде практикалық тұрғыдан іске асырылған;</p> <p><i>Үшіншіден,</i> зерттеу процесінде дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың педагогикалық шарттары айқындалып, негізделген, оқу-әдістемелік кешенмен қамтамасыз етілген;</p> <p><i>Төртіншіден,</i> ЖОО-ның үдерісіне 7М01450-«Кәсіптік оқыту» мамандығына арналған білім беру бағдарламасы ендіріліп, «Денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаны кәсіби даярлау» элективті курсы оқытуды іс жүзінде жүзеге асырған. Элективті курс «Денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаны кәсіби даярлау» оқу-әдістемелік кешенімен, «Дуальды оқыту жүйесінде оқыту әдістемесі» оқу-әдістемелік құралымен, «Денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаны кәсіби даярлау» оқу құралымен, «Денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаны кәсіби даярлау» электрондық оқу құралымен қамтамасыз етілген.</p> <p><i>Бесіншіден,</i> зерттеуді теориялық эне эксперименттік нәтижелері диссертация жұмысында толық зерделенген, қорытындыланған.</p>
--	--	---	---

3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Докторант П.Ж. Парманкулова диссертациялық жұмысын жазуда өзі жазу ұстанымында болған. Автор диссертацияны жазу барысындажан-жақты ғылыми мәліметтер берген. Зерттеу жұмысы барысындағы барлық ақпараттар дербес, өте түсінікті, мағыналы және үйлесімді. Автордың диссертацияны жазудағы жеке ғылыми стилінің жоғары деңгейде екендігікөрінеді.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген;</u> 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды;</u> 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Болашақ инклюзивті оқыту педагогтарын даярлау проблемасының өзектілігі қазіргі заманғы қоғамдық және экономикалық қатынастардың дамуымен, бүгінгі таңдағы педагогтың кәсіби қызметінің табыстылығының кепілі болып табылатын еңбек нарығының сипатын кеңейтуге байланысты қоғам мен мемлекетке бәсекеге қабілетті, ұтқыр мамандардың қажеттілігін тудырады. Сондай-ақ жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде, еліміздегі бірқатар педагогикалық зерттеулерде жоғары оқу орындарындағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін, адамгершілік және ізгіліктік әлеуетін, кәсіби құзыреттілігін қарастырған зерттеу жұмыстары болғанымен, дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға даярлау мәселесі арнайы қарастырылмаған. Нақтырақ айтсақ, ЖОО-ның оқу-тәрбие үдерісінде дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау мүмкіндіктері мен оны жүзеге асыру ғылыми тұрғыда негізделмеген. Осы бағытта ғылыми теориялық тұрғыдан негізделген әзірлемелердің болмауы аталған проблеманы зерттеу қажеттілігін тудырып, өзектілігін нақтылай түскен. Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемде айқындайды. Диссертация кіріспеден, екі тараудан, әр тарау төрт бөлімдерден, қорытындыдан және қосымшалардан тұрады. Мұндағы диссертация мазмұны зерттеудің ғылыми болжамы мен жетекші идеясы бойынша диссертация тақырыбын айқындайды. Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеу мақсаты - дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлауды теориялық

		<p>1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>тұрғыда негіздеу және әдістемесін ұсыну, оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент арқылы дәлелдеу зерттеу тақырыбына сәйкес келеді.</p> <p>Атап айтсақ, зерттеу міндеттері зерттеу мақсатын нақтылай келе, дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың мәнін теориялық тұрғыда негіздеуімен, дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың моделін дайындауымен, дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың педагогикалық шарттарын айқындауымен, ЖОО-да кәсіптік оқыту студенттерін инклюзивті оқытуға даярлаудың тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде санықтан өткізумен сәйкес келеді.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан;</u> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>		<p>Дуальды білім беру жүйесінде болашақ педагогтардың инклюзивті оқытуға даяр болуы жалпы кәсіптік білімді, жаңа инновациялық технологияларды, типтік, типтік емес педагогикалық міндеттерді шешудің жалпыланған кәсіби тәсілдері жүйесін жылдам әрі сәтті игеруді қамтамасыз ететін, болашақ педагогтардың еңбек нарығының үнемі өзгеріп отыратын жайдайларына икемді жауап беру мүмкіндіктері мен қабілеттерін кеңейтетін интеграл сапасы ретінде ұсынылған.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылымының ішкі бірлігі логикалық тұрғыда өзара байланысқан, тұжырымдамалық негіздің ішкі бірлігімен ерекшеленеді.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне</p>		<p>Диссертацияның ғылыми нәтижелері мен қорытындылары зерттеліп отырған мәселенің, ғылыми-теориялық негізін құрайтын әр тарау бойынша талданған теориялық тұжырымдар бойынша анықталып, ғылыми-тәжірибелік нәтижелері тұжырымдық тұтастығымен, зерттеудің негізгі қорытындыларының қисынды бірлігімен сипатталады. Ал оның кешендік сипаты оқу-тәрбие үдерісіндегі ғылыми стильді зерттеу мәселесін жаңаша үлгіге сүйеніп жасаған, <u>сыни талдау бар.</u> Әрбір нәтиже, тұжырым, қорытынды диссертацияның тараулары мен бөлімдеріне жіктелген мазмұндық</p>

		негізделген	құрылымментүйінделген, ғылыми мәні жоғары. Шынайылығы айқындалып, зерттеу нәтижелерінің сенімділігі, мақұлдануы, тәжірибеге ендірілуі философиялық, педагогикалық және психологиялық еңбектердегі теориялық және әдіснамалық тұжырымдарға негізделуімен, қағидаларды басшылыққа алуымен, зерттеу мақсатына сәйкес әдіс-тәсілдерді қолдануымен, тәжірибелік эксперимент жұмысының мақсатқа сәйкес келуімен, нәтижелерін статистикалық өңдеуімен және алынған нәтижелерді қорытындылауымен қамтамасыз етілген. Тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексеруде сыни талдауы бар және бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып баға берілген.
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидалар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	<p>Докторант П.Ж.Парманкулованың зерттеу нәтижелері ауқымды материалдарды талдап, қорыту арқылы дәйектелген.</p> <p>Ғылыми нәтижелері мен қағидалары толығымен жаңа деп айтамыз. Ғылыми нәтижеге жету үшін ізденуші зерттеу мәселесіне қатысты философиялық, психологиялық және педагогикалық еңбектердегі ғылыми дерек көздерін тауып, оларды талдай білген.</p> <p>Бірінші ғылыми нәтиже жаңа, себебі, дуальды білім беру жүйесі еңбек рыногының сұранысына сай бәсекеге қабілетті, ұтқыр мамандарды даярлау мақсатында кәсіпорынның, оқу орнының және білім алушының мүдделерін біріктіреді. Ал инклюзивті оқытукез келген тұлғаның сапалы білім алу құқығын және сапалы білімнің қол жетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған. Сол себепті «дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға даярлау» ұғымына «дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға даярлау – кәсіпорын мен оқу орнының бәсекеге қабілетті мамандарды инклюзивті білім беруге бірлесе даярлайтын инновациялық үдерісі» деп анықтама берілуі толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>Екінші ғылыми нәтиже жаңа, себебі инклюзивті оқытуды жүзеге асыратын, денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаны сапалы біліммен қамтамасыз ететін тұлға, ол – педагог. «Дуальды білім беру жүйесінде</p>

		<p>инклюзивті оқыту педагогы» ұғымына «ізгіліктік принципін ұстанған, адами құндылықтарға бағдарланған, толерантты, теорияны практикамен ұштастыра білетін бәсекеге қабілетті, ұтқыр маман» деп анықтама берілуі толығымен жаңа.</p> <p>Үшінші ғылыми нәтиже жаңа, себебі дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың әдіснамалық негіздерін құрайтын жүйелілік, әрекеттік, аксиологиялық, тұлғаға бағдарлылық, синергетикалық және құзыреттілік тұғырларын және ізгіліктік, әлеуметтік бейімделу, синергетикалық, жеке-тұлғалық, теорияның практикамен байланысы қағидаларын айқындауы толығымен жаңа.</p> <p>Төртінші ғылыми нәтиже жаңа, себебі дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың құрылымдық моделін мақсатты, әдіснамалық, мазмұндық, үдерістік және рефлексивтік құрамдас блоктардың бірлігі негізінде жасауы, оған сәйкес өлшемдер мен көрсеткіштерді қарастыруы толығымен жаңа.</p> <p>Бесінші ғылыми нәтиже жаңа, себебі дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау болудың критерийлері, көрсеткіштері мен деңгейлері қамтылған ұйымдастырушылық, теориялық, технологиялық және мониторингтік педагогикалық шарттары толығымен жаңа.</p> <p>Алтыншы ғылыми нәтиже жаңа, себебі ЖОО-ның оқу-тәрбие үдерісінде болашақ педагогтардың дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға даярлау бағдарламасын практикаға ендіріп, сынақтан өткізген.</p>	<p>инклюзивті оқыту педагогы» ұғымына «ізгіліктік принципін ұстанған, адами құндылықтарға бағдарланған, толерантты, теорияны практикамен ұштастыра білетін бәсекеге қабілетті, ұтқыр маман» деп анықтама берілуі толығымен жаңа.</p> <p>Үшінші ғылыми нәтиже жаңа, себебі дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың әдіснамалық негіздерін құрайтын жүйелілік, әрекеттік, аксиологиялық, тұлғаға бағдарлылық, синергетикалық және құзыреттілік тұғырларын және ізгіліктік, әлеуметтік бейімделу, синергетикалық, жеке-тұлғалық, теорияның практикамен байланысы қағидаларын айқындауы толығымен жаңа.</p> <p>Төртінші ғылыми нәтиже жаңа, себебі дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың құрылымдық моделін мақсатты, әдіснамалық, мазмұндық, үдерістік және рефлексивтік құрамдас блоктардың бірлігі негізінде жасауы, оған сәйкес өлшемдер мен көрсеткіштерді қарастыруы толығымен жаңа.</p> <p>Бесінші ғылыми нәтиже жаңа, себебі дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау болудың критерийлері, көрсеткіштері мен деңгейлері қамтылған ұйымдастырушылық, теориялық, технологиялық және мониторингтік педагогикалық шарттары толығымен жаңа.</p> <p>Алтыншы ғылыми нәтиже жаңа, себебі ЖОО-ның оқу-тәрбие үдерісінде болашақ педагогтардың дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға даярлау бағдарламасын практикаға ендіріп, сынақтан өткізген.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>		<p>П.Ж.Парманкулованың диссертациялық жұмысының қорытындылары ғылыми-теориялық негізде дәлелденумен, зерттеудің ғылыми аппаратына мазмұнының сәйкестігімен, зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдердің тиімділігімен, эксперимент жұмысының жүйелі жоспарлануымен, сандық және сапалық көрсеткіштердің дәлелдігімен толығымен жаңа болып саналады. Диссертацияның қорытындылары деп келесілерді айтамыз:</p> <p>Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды</p>

			<p>даярлаудың әдіснамалық негіздерін құрайтын жүйелілік, әрекеттік, аксиологиялық, тұлғаға бағдарлылық, синергетикалық және құзыреттілік тұғырларының ізгіліктік, әлеуметтік бейімделу, синергетикалық, жеке-тұлғалық, теорияның практикамен байланысы қағидаларына негіздеп қарастыруы толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>«Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға даярлауды кәсіпорын мен оқу орнының бәсекеге қабілетті, ұтқыр мамандарды инклюзивті білім беруге бірлесе даярлайтын инновациялық үдерісі» деп айқындауы және «дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқыту педагогын ізгіліктік принципін ұстанған, адами құндылықтарға бағдарланған, толерантты, теорияны практикамен ұштастыра білетін бәсекеге қабілетті, ұтқыр маман» деп анықтауы толығымен жаңа.</p> <p>Докторант бірізділік логикасын сақтай отырып ұсынған дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың бес блоктан тұратын құрылымдық моделі толығымен жаңа.</p> <p>Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды ЖОО-нің оқу-тәрбие үдерісінде даярлаудың ұсынылған ұйымдастырушылық, теориялық, технологиялық және мониторингтік педагогикалық шарттары толығымен жаңа.</p> <p>Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқыту педагогын даярлауға арналып жасалған құрылымдық моделінің тиімділігін тексеру толығымен жаңа.</p> <p>Эксперименттік жұмыс 2017-2020 жылдары аралығында М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Қожа Ахмет Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті базасында оқу процесі барысында жүргізілген.</p> <p>Эксперименттік жұмыс барысында алынған нәтижелері мен қорытындылары толығымен жаңа болып саналады.</p>
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару		<p>Докторанттың ұсынған «Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбындағы</p>

		<p>шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>зерттеу жұмысы толық, жаңа және негізделген болып табылады.</p> <p>Теориялық және эксперименттік жұмыс барысында алынған негізгі ережелер мен тұжырымдар алға қойған мақсатқа қол жеткізген, алғашқы гипотеза расталған, алға қойған міндеттері шешілген және негізделген.</p> <p>Зерттеу жұмысында келтірілген қағидалар, қорытындылар, ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды техникалық және кәсіптік білім беу мекемелері мен ЖОО-да, колледждердің оқу-тәрбие үдерісінде, педагогтардың біліктілікті арттыру курстарында пайдалануға болады.</p>
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Зерттеу жүргізу нәтижесінде жасалған қорытындылар педагогика және жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіруде дербес пәндерді оқыту әдістемелері үшін теориялық және практикалық жағынан құнды материал болып табылады.</p> <p>Диссертациялық жұмыс барысында алынған тұжырымдар, дайындалған әдістемені ендіру актілері және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерінің дұрыс ұйымдастырылуы мен жүргізілуі ғылыми жарияланымдарымен дәлелденіп, негізделген.</p>
7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидағтар	<p>Әр қағида бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағида дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>Ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>Кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p>	<p>Докторант П.Ж.Парманкулованың диссертациялық жұмысында қорғауға ұсынған қағидалары:</p> <p>1. Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың әдіснамалық-теориялық негіздері</p> <p>2. Дуальді білім беру жүйесінде болашақ педагогтарды инклюзивті оқытуға даярлаудың құрылымдық моделі</p> <p>3. Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың педагогикалық шарттары.</p> <p>4. Инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың оқу-әдістемелік кешенін тәжірибеге ендіру және оның тиімділігінің негізделуі</p> <p>1) Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері дәлелденген, тривиалды емес, жаңа және алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең. Бұл докторанттың жарияланған</p>

	<p>1) Ия; 2) жок</p>	<p>5 макаласында дәлелденген:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. The conceptual field of professional adaptation of future specialists to dual training. Zhanstvena misel. Ljubljana, Slovenia. 2017. -Vol. 2, №5. P.22-25. ISSN 3124 -1123. 2. Some questions of inclusive education development in kazakhstan. VI International Scientific and Practical Conference Perspectives of world science and education. - Osaka, 2020. -P.181-192. ISBN 978-4-9783419-8-3sci-conf.com.ua. 3. Подготовка будущих специалистов в дуальной системе обучения. Вестник ПГУ. Педагогическая серия. -2019. №3. -С.152-158. ISSN 1811-1831. 4. Professional preparing of persons with disabilities the conditions of dual education. 8th International conference «Science and Society – Methods and Problems of Practical Application». -Vancouver, Canada, 2019. -P. 30-33. ISBN 978-1-7792-493-1. 5. Теоретические модели подходов инвалидности в Республике Казахстан. Вестник НАН РК.-2021. -Vol.2, Number 390. -P. 289-297. ISSN 1991-3494. https://doi.org/10.32014/2021.25.18-1467.83. <p>2) Дуальді білім беру жүйесінде болашақ педагогтарды инклюзивті оқытуға даярлаудың құрылымдық моделі әзірленген, тиімділігі дәлелденген, тривиалды емес, жаңа және алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең. Төмендегі 5 мақалада дәлелденген:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Проблемы подготовки педагогов к работе в условиях инклюзивного образования. Вестник ЕНУ. Серия Педагогика. Психология. Социология. -2019. №3 (128). - С.49-55. ISSN (Print) 2616-6895 ISSN (Online) 2663-2497. 2. Dual education the conditions for pedagogical bases of specialists inclusive training. Cypriot Journal of Educational Sciences. -2022. -Vol. 17, Issue 3.-P.765-771. https://doi.org/10.18844/cjes.v17i3.6937 Scopus. 3. Методическая деятельность педагога колледжа в дуальной системе обучения. Збірник статей науково-інформаційного центру «Знання» за матеріалами XLIII міжнародної науково-практичної конференції: «Розвиток науки в
--	--------------------------	--

XXI столітті», г. Харків: збірник зі статтями (рівень стандарту, академічний рівень). - Х.: науково-інформаційний центр «Знання». - Україна, Харків. -2019. -С. 55-59.

4. Болашақ мұғалімдерді инклюзивті оқытуға кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру. «Ұлы дала жастары» жобасы негізінде «Білім - болашақта табысқа жетудің негізгі факторы» тақырыпта «Жастар және ғылым» XVII Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. -Алматы, 2018. -С.74-76. ISBN 978-601-7331-71-9.

5. Дуальное обучение: подготовка будущих специалистов с ограниченной возможностью здоровья. Республиканская научно-методическая конференция «Профессиональная подготовка педагогических кадров в условиях обновленного содержания образования: компетентность, технология, инновация». – Атырау, 2019. Т.1. -С.155-159. ISBN 978-601-262-320-8.

3) Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың педагогикалық шарттары айқындалған, дәлелденген, тривиалды емес, жаңа және алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең. Докторанттың жарияланған 6 мақаласында дәлелденген:

1. Methodological guidelines for the professional adaptation of future teachers of dual education International Journal of Psychosocial Rehabilitation, -2020. -Vol. 24, Issue 7. P.6274-6281. ISSN: 1475-7192. Scopus.

2. Методика преподавания в дуальной системе обучения. Учебно-методическое пособие. -Ш.: Издательство ЮКГУ им. М. Ауэзова, 2017. -132 с.

3. Профессиональная подготовка личности с ограниченными возможностями здоровья. Учебное пособие. –Шымкент: Әлем, 2021. -120 с. ISBN978-601-255-248-5.

4. Открытые онлайн курсы в обучении лиц с ОВЗ. Труды Международной научно-практической конференции «Ауэзовские чтения-19: 30 лет независимости Казахстана». –Шымкент, 2021. -С.114-116

5. Профессиональная подготовка личности с ограниченными возможностями здоровья. Электронный учебник. -Шымкент: Издательство ЮКГУ им. М. Ауэзова, 2019. -44 с.

			<p>6.Подготовка лиц с ОВЗ конкурентоспособными специалистами в ДСО. Республиканский научно-педагогический круглый стол «Креативная молодежь – путь к интеллектуальной державе и модель 4К –креативность, критическое мышление, коммуникабельность, умение работать в команде». -Шымкент. 2019. -С.94-96.</p> <p>4) Инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың оқу-әдістемелік кешені жасалған және оның тиімділігі тәжірибелік эксперимент жүзінде тексеріліп, дәлелденген, тривиалды емес, жаңа және алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең. Докторанттың келесі 6 мақаласында дәлелденген:</p> <p>1. Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті топ студенттерін кәсіби құзыреттілігін арттыру ерекшеліктері. Н.Ә. Назарбаев феномені: саяси ұстанымы мен бастамалары» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының еңбектері. -Шымкент, 2018. Т.2. -Б.139-141. ISBN 978-9965-03-584-5.</p> <p>2 Кәсіптік білім беру жүйесінде дуальді оқыту. «Юнусов оқулары: Рухани жаңғыру және индустрияландыру жағдайындағы білім мен ғылымның интеграциясы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. -Шымкент, 2018. Т.1. -Б.162-165.</p> <p>3. Методика преподавания в дуальной системе обучения. Учебно-методическое пособие. -Ш.: Издательство ЮКГУ им. М. Ауэзова, 2017. -132 с.</p> <p>4.Профессиональная подготовка личности с ограниченными возможностями здоровья. Учебное пособие. –Шымкент: Әлем, 2021. -120 с. ISBN978-601-255-248-5.</p> <p>5. Folk games in the education of children with physical, mental and sensory disturbances. Newof the National academy of sciences of the republic of Kazakhstan. Series of sjcial and Human science. -2018, №6(322). -P. 195-202. ISSN 2224-5294.</p> <p>6. Инклюзивтік білім беру барысында болашақ мамандарды кәсіпке баулу мәселелері. «Рухани жаңғыру: Ұлттық білім беру жүйесі және әлемдік тәжірибе» Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының 80 жылдығына арналған халықаралық</p>
--	--	--	--

			ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. -Шымкент, 2017. Т.1. - Б.580-584.
8	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Өдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>Ия</u> ; 2) жок	Докторанттың диссертациялық жұмысындағы әдіснамалық аппарат дәйектілік принципіне және дерек көздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігіне негізделген. Докторант П.Ж. Парманкулова диссертациялық жұмыстың әдістемелік және әдіснамалық негіздерін түзуде теорияның практикамен бірлігі, мазмұндық және әрекеттік, ғылымилық ұстанымдарын басшылыққа алған. Таңдаған әдістемелерді қолданудың тиімділігін сипаттау үшін түрлі әдебиеттерге сілтеме жасалған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>Ия</u> ; 2) жок	П.Ж. Парманкулова диссертация жұмысын жазу барысында зерттеу нысаны ретінде жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үдерісін басшылыққа алып, дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлауда оқытудың заманауи және белсенді әдістерін пайдаланған. Шешілетін оқу міндеттеріне және оқу материалын баяндау қарқынына байланысты студенттердің жеке ерекшеліктерін ескере отырып, болашақ инклюзивті оқыту педагогтарын даярлау үдерісінің барлық кезеңдерінде интеркативті режимде оқытудың мынадай нысандары мен әдістерін практикада қолданған. Олар: проблемалық және бинарлық дәрістер, дәріс-конференция, жобалар, эвристикалық әдістер, сыни ойлау, миға шабуыл, дискуссия, кейс, дөңгелек үстелдер, бақылаулар, тренингтер, пікірталастар, дебаттар шағын жекелей және топтық жұмыстар, іскерлік ойындар және т.б. Диссертациялық жұмысты орындау барысында заманауи ғылыми зерттеу және компьютерлік технологиялар көмегімен ақпараттарды өңдеу және ұсыну әдістері негізге алынған. Диссертациялық жұмыста қазіргі заманғы әдістер мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынғандығы байқалады.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер,	П.Ж.Парманкулованың «Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың ғылыми-

	<p>анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>Ия</u>; 2) жоқ</p>	<p>педагогикалық негіздері» тақырыбындағы диссертациясының эксперименттік тәжірибелік жұмыстары «Кәсіптік оқыту» білім беру бағдарламасында оқытын білім алушылармен жүргізілген. Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың әдістемесі жасалып, тиімділігі М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Қожа Ахмет Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеттерінен 146 студенттің сынаққа қатысуымен педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденген.</p> <p>Зерттеу нәтижесін сынақтан өткізу мен ендіруде зерттеудің негізгі қағидалары ғылыми баяндама түрінде халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда, Scopus деректер базасында индекстелетін импакт-факторы бар халықаралық ғылыми журналдарда, Қазақстан Республикасы БЖҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз етукомитеті ұсынған ғылыми басылымдарда көрініс тапқан. Соның ішінде: Scopus деректер базасында индекстелетін ғылыми журналдарда - 2, Қазақстан Республикасы БЖҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз етукомитеті ұсынған журналдарды - 5, шетелдік базаларда индекстелетін ғылыми журналдарда - 2, республикалық және халықаралық ғылыми-практикалық конференция еңбектерінде - 13, республикалық ғылыми-педагогикалық дөңгелек үстел жинақтарында - 2 мақала жарияланды. Сонымен қатар 1 оқу құралы, 1 оқу-әдістемелік құрал, 1 электрондық оқу құралы жарық көрді, осы оқу құралдарына 2 авторлық куәлік алынды. 7M01450 – «Кәсіптік оқыту» мамандығының білім беру бағдарламасы, оқу бағдарламасы және оқу-әдістемелік кешені дайындалды.</p>
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған /</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Диссертациялық жұмыста нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған, кәсіби-педагогикалық дайындық мәселелері бойынша шетелдік және отандық авторлардың еңбектеріне, педагогикалық әдебиеттерге, сөздіктерге,</p>

		расталмаган	анықтамаларға, энциклопедияларға, монографияларға, оқулықтарға, оқу-әдістемелік құралдарға, диссертациялық зерттеулерге, гранттық жобаларға, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда және халықаралық конференциялар жинақтары материалдарының сілтемелерімен расталған. Диссертациялық жұмыс нәтижелерінің сенімділігі мен дәлелденуі ғылыми жұмыстарды жинақтауымен, мемлекеттік бағдарламаларды пайдалануымен расталады.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Әдеби шолулар диссертациялық жұмыс тақырыбына сәйкес келеді. Диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша отандық және шетелдік авторлардың 207 әдебиет көздеріне шолу жасалған. Алынған ақпарат зерттеулерді жоспарлау және деректерді талқылау кезінде пайдаланығаны айқын.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың теориялық маңыздылығы бар: 1. Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың әдіснамалық-теориялық негіздері айқындалған. 2. Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың құрылымдық моделі жасалған (мақсатты, әдіснамалық, мазмұндық, үдерістік және рефлексивтік блоктарды қамтиды). 3. Болашақ педагогтарды дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға даярлаудың педагогикалық шарттарын айқындалған. 4. ЖОО-ның оқу-тәрбие үдерісінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың оқу-әдістемелік кешені жасалып, тиімділігі тәжірибелік эксперимент жүзінде тексерілген.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді	Зерттеудің практикалық маңыздылығы: 1.7M01450 - «Кәсіптік оқыту» мамандығының білім беру бағдарламасы жасалған және оқу үдерісіне ендірілген. 2.«Денсаулығына байланысты

	<p>практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) Ия; 2) жоқ</p>	<p>мүмкіндіктері шектеулі тұлғаны кәсіби даярлау» элективті курс бағдарламасы жасалып, оқу үдерісіне ендірілген.</p> <p>3.«Денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаны кәсіби даярлау» оқу-әдістемелік кешені жасалып, оқу үдерісіне ендірілген.</p> <p>4.«Дуальды оқыту жүйесінде оқыту әдістемесі» оқу-әдістемелік құралы әзірленіп, оқу үдерісіне ендірілген.</p> <p>5.«Денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаны кәсіби даярлау» оқу құралы құрастырылып, оқу үдерісіне ендірілген.</p> <p>6.«Денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаны кәсіби даярлау» электрондық оқу құралы жасалып, оқу үдерісіне ендірілген.</p> <p>Ендіру актілері бар. Алынған практикалық нәтижелерді жоғары оқу орындарының білім беру жүйесінде, колледждердің оқу-тәрбие үдерісінде, педагогтардың кәсіби біліктілігін жетілдіру және қайта даярлау орталықтарында және қосымша білім беруде пайдалануға болады.</p>
	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Тәжірибе ұсыныстары жаңа болып табылады. Зерттеу нәтижесі бойынша келесідей ұсыныстар жасауға болады</p> <p>1.«Денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаны кәсіби даярлау» атты элективті курсты жоғары оқу орындарының оқу жоспарына таңдау пәні ретінде тәжірибеге ендіру ұсынысы толығымен жаңа.</p> <p>2. Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың құрылымдық моделі, инклюзивті оқыту педагогтарын даярлаудың педагогикалық шарттары білім алушыларға теориялық білімдерді жүйелі меңгеруіне септігін тигізеді ұсынысы толығымен жаңа.</p> <p>3. ЖОО-ында, колледждерде, жұмыс берушілердің оқу-өндірістік іс-әрекетінде дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың құрылымдық моделін, педагогикалық шарттарын практикаға ендіру ұсынысы толығымен жаңа.</p> <p>4.Зерттеу нәтижелері бойынша жоғары оқу орындарында білім алушыларды кәсіби даярлау мәселелері бағытында жаңа</p>

			зерттеулер жүргізу ұсынысы толығымен жаңа болып табылады.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	П.Ж. Парманкулованың зерттеу жұмысы қазіргі таңда өзекті мәселелердің шешімін табуға ықпалын тигізеді. Өйткені докторанттың жұмысында қазіргі қоғамда көкейкесті мәселелердің бірі инклюзивті оқытатын бәсекеге қабілетті мамандар даярлау жүйесі қарастырылған. Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертация академиялық жазу ерекшеліктеріне сай толық аяқталған жұмыс және ғылыми стильді ұстанған, жүйелі құрылымды сақтай білген. Диссертацияны жазу барысында жауапкершілік ұстанымын басшылыққа алған. Диссертация құрылымы ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті қоятын «Ғылыми дәреже беру қағидаларының» талаптарына сәйкес келеді.

Шешім: 8D014 - «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған педагогтарды даярлау» бағыты, 6D012000 - «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша Парманкулова Перизат Жаксылыковнаға философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

Ресми рецензент педагогика ғылымдарының докторы, профессор
 Қожа Ахмет Ясауи атындағы
 Халықаралық қазақ-түрік университеті
 Кентау институтының директоры



К.М. Беркимбаев

К.М. Беркимбаев

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор К.М. Беркимбаевтың қолын растаймын.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
 Халықаралық қазақ-түрік университетінің
 Ғалым хатшысы *Ж. Оманбекова*

